


ОГІ қазақ прозасы

СЕЙІТҚҰЛ ОСПАНОВ

ҚҰЛДАР КӨТЕРІЛІСІ

ХИКАЯТТАР, ЭҢГІМЕЛЕР, СЫҚАҚ ЭҢГІМЕЛЕР,
ЖАЗУШЫНЫң ҚОЙЫН ДӘПТЕРИНЕН



казіргі қазақ прозасы

СЕЙІТҚҰЛ ОСПАНОВ

ҚҰЛДАР КӨТЕРІЛІСІ

ЖИҚАЙТАР, АНГАМДЕЛЕР,
СЫҚАҚ АНГАМДЕР,
ЖАЗУШЫНЫҢ КОЙЫН
ДАЛТЕРІНЕН



Алматы
"Жазушы"
2005

ББК 84 қаз 7-5

О 78

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және
спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша шыгарылды*

Оспанов. С.

**О78 Құлдар көтерлісі. Хикаяттар, өңгімелер, сықақ өңгімелер,
жазушының қойын дәптерінен.** – Алматы: Жазушы, 2005. –
216 бет.

ISBN 9965–764–10–7

Талантты жазушының бүл кітабына мерзімді баспасөз бетте-
рінде ішінара жарияланса да, көзі тірі кезінде жеке жинақ болып
жарық көріп үлгермен жаңа туындылары – “Тұган жердің
топырағы”, “Құлдар көтерлісі” хикаяттары мен өңгімелері,
қойын дәптер беттеріндегі сыр-жазбалары енгізіліп отыр.

Қаламгердің әдеби мұрасы оқырман қауымды бейтарап
қалдырмайды деп сенеміз.

О 4702250201-046
402 (05)-05

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965–764–10–7

© С. Оспанов, 2005
© “Жазушы” баспасы, 2005

ХИКАЙТАР

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТОПЫРАФЫ

Аракідік саябыр, тыныш мезеттерін, кикілжін, дұрдараз, қырғи-кабак сәттерін қоса есептегендес, атышулы бұл соғыс аттай екі айға созылды. Бірақ, бір қызығы, бұл соғысты біреу біліп, біреу білмеді десе де болады. Өйткені ол құмда, айдалада алакандай ауылдың аясында отті. Сол себепті де ол тарих оқулығына енбеді. Газет-журналдардың бірде-біреуінде де жазылмады. Радиодан майданның соңғы хабарлары секілді берілген жоқ. Теледидардан да корсетпеді. Ал біз үшін бұл үлкен соғыс еді... Біз қақ ортасында болдык. “Соғыска” екі жақтан үзын саны қырық қаралы “сарбаз” қатысты. Қару-жарактың неше түрі болды. Қолдан жасалған ағаш автомат, сояу жыңғыл — найза, қалқандар — казан, кострюльдердің қақпақтары, шай жәшіктің жұқа фанерлері, күм түйілген жұдырықтай шүберек гранаталар, торғай ататын ашатаяқ рогаткалар — бөрі-бөрі бар. Сарыбулактың (біздің ауылдың аты) “батырларының” сондагы қас дүшпанымыз — қыбырлаған тірі жан атаулыны жалаңдаған қайқы қылышымен қынадай қырған, Отырады ойран қылған монгол-татарлар да, жалпақ елді жайлauынан қуып “Ақ табан, Алқакол сұламаға” ұшыратқан қыл бұрымды, қысық коз жонғарлар да емес, кәдімгі тілі, діні, түрі, қаны бір, баяғыда айлапат ашаршылық кезінде бір жапырақ наң іздел тоз-тоз болып бас сауғалап іргесі бүтін тоқ қарақалпақ жеріне ауып, содан онда өзек жалғап, адам қатарына қосылып, түтін түтетіп, үрпақ өрбітіп, есін жиып, кейін арага ықылым уақыт салып, ата жұртына қайта оралған осы ауылдың байырғы көне көз адамдарының өздеріміз секілді қара домалақ балалары еді. Қайта куанып, құшақ жая қарсы алуудың орынына, неге екені белгісіз, әп дегеннен жұлдызымыз жараспады. Неге басымыз піспеді. Не жетпеді? Жоқ жерден әлдебір жау тауып алып тыныш жүрмейтін жаман әдетіміз бе өлде балалығымыз ба? Білмейміз...

Бір ғажабы, бұл “соғыс” ауылдың күнделікті бейбіт тіршілігінің зәредей де шырқын бұзған жоқ. Ешкімге қайғы-қасірет әкелмегі. Ешкім де қара жамылып, қара қағаз алмады... Бәлкім бұл балалар соғысы болғандықтан да шығар... Әйтпесе үлкен адамдар соғысса белгілі ғой, дүние асты-үстіне келеді, олар ойнамайды, үлкен адамдардың ойыны басқаша... Дегенмен ертегілерде айтыла беретіндегі, не керек, ақыр аяғы жақсылықпен төмамдалды. Ешкім де жеңбеді. Ешкім де жеңілмегі... Бір-екі ауызбен айтқанда, осындаі. Әйтседе соғыстың аты соғыс қой. Талай-талай оқиғаларды бастаң кешірдік... Есіме түсірейінші, қалай болып еді озі...

Шаңқай тал түс. Тіршілік белгісін білдіріп, бетке лұп етіп соғатын жел жоқ. Жерді майдай шыжғырған шартабақ күн желдің де қанатын қырқып тастаған секілді. Ауа от. Даала қалың тон киіп, ыстықтап үстінен шеше алмай, ауыр мұлғіп түр. Мен төрде құрақ корпешенің үстінде өрі аунап, бері аунап, пысынап жатырмын. Киіз үйдің түндігі тастай жабық. Үйдің коленке бетінің туырлығының етегі түрік, саңылау. Шидің түп жағы сөл сырылған. Есік қаусырылған. Тып-тыныш. Тіпті әшейінде ызындаپ ән салып маза бермейтін шыбындар да қалжырап, коз шырымын алғандай, сыйысы шықпайды. Апам мен әжем әлдене деп құбір-құбір екеуара әңгімелесіп жатыр. Апам: “Иә, иә...” – деп әлсін-әлсін қалғып кетеді. Әжем ондайда: “Келін, тындапатсың ба?” – деп иығынан тұртіп оятып алады. Мен әбден зеріктім. Ішім толды. Басың копшікке тиген бойында мысықша пыр ете қалмағасын, киын... Ерігіп шаңырақтың құлдіреуішіне тығылған уықтарды санадым. Бір, екі, үш, отыз, елу бес, тоқсан сегіз, жүз он... Сосын керегенің көздерін есептедім. Өстіп біраз уақыт өтті білем, бір кезде тың тындаپ, құлағымды тігіп едім – әжем мен апамның құбір-сыбыры естілмегі. Сап тыйылған... Бұл олардың шаршап қалғып кеткені. Алақай! Манадан бері менің күткенім де осы ғой. Дегенмен бөрікті аспанға атып, қол шапалактауға әлі ерте. Ойткені әжем сергек. Құс үйқылы. Көзі үйқыда болғанмен, құлагы ояу. Болар болмас тықырдан дереу басын котеріп алады. Өте қаупті! “Барлау” жасап керейін деп өп-отірік су ішпекші болып (шөлдемесем де) орыннынан еппен тұрып, босағадағы керегенің басынан ақ қолбақырашты алып, шкафтың тубіндегі шелекке балықша шолп еткіздім де, суды әдейі сорп-сорп іштім. Жоқ, білмегі. Ешқандай естімегі. Әйтпесе әжем: “Серікжан, түйе құсан сораптамай ішсөнші”, – дер еді ғой.

Сірә, қатты үйқтап кеткен. Күнде осы. Екеуі: “Құдайдың ми айналған мынадай ыстығында далада қаңғыма, басыңа күн өтеді, үде демал”, — деп тыптыр еткізбей жатқызып қояды. Бірақ, өкінішке қарай, еңбектері еш. Ойткені менен бұрын өздері қалғып кетеді. Мен екеуін тас қып үйқтатып тастаймын да далага зып беремін...

Міне, бүгін де сәті түсті. Есікті сықырлатпай жәймен ашып, сыртқа шықтым. Үйдің бір тұтам ыстық колеңкесінде козін жұмып, тілі сала құлаш салақтап жатқан Ақтос бірденеден құр қалатындағы атып тұрып, құйрығын бұлғаңдатып, соңымнан ерді. Мен даланы майдай шыжырган мынадай тал түсте қайда барушы ем, әрине, сұға — сарқырап акқан бұлаққа барам фой. Келсем, бұлақтың басы — озім секілді “түрмеден қашқан” қаптаған бала. У-шу. Мәз-мейрам. Күннің ыстығы жырларында жоқ. Қақаған ак шұнақ борандада ит пен бала құтырады деуші еді апам. Ол рас. Мен шіліңгір шілдеде де дәл солай дер ем. Ақ мәйкімді жүре шешіп, жүгірген күйімде сарқырап акқан биік ақ түрбаның астындағы айналасы дөңгелектене таспен орілген, цементпен сыланған қазан-астауға — кәтләбанға (ауылда осылай дейміз) күмпі беріп сұнгідім де кеттім. Ой-хой. Жанның рақаты. Шіркін, бұлақ болмаса қайтер ек. Ондағы күнімізді коз алдыма елестете алмаймын... Қазанның күйесіндей қап-қара бол кететін шығармыз. Біздің ауыл екінші Африкаға айналады фой. Там-там ұрамыз. Құрысыншы. Осы күніміз жақсы. Құлағыма су кіріп кетті. Кәтләбеннан сыртқа шықтым да, қос алақаныммен екі құлағымды басып, жалғыз аяқтап секірдім:

Ақ көбелек,
Көк көбелек,
Құлағымның суын төк!

Ауылда балалар құлағына су кіріп кеткенде осылай деп әндтеді. Қайырымды көбелектер көмектесті. Құлағым шырадай ашылды.

Кенет алыстан талып әлсіз бір гүріл естілді. Тәмам бала айдау қара жол алқымын төсеп жатқан күнгей беттегі жусанды тәбеле жалт қарадық. Төбенің үстінен қи домалақтайтын қара қоңыз құсап екі машина көрінді. Іле-шала айдау қара жолды ауыр дүрсілдетіп, ауру адамша ыңыранған күйі көк ала түтінін будақтатып екеуі бұлақтың дәл түбіне кеп тоқтады. Әлден уақытқа дейін тымырсық, қапырық ауада қою ақ борық шаш кілкіді. Біраздан соң сейілді. Сол-ақ екен машиналардың

есіктері сарт-сұрт ашылды. Тұмсығы озықтау түрған бірінші машинаның кабинасынан ұзын бойлы шал мен қолында емізулі баласы бар кішентай ақ құба келіншек тұсті. Екінші машинаның кабинасынан ақ жаулықты екі өже шықты. Өздері бір жаққа көшіп бара жатқанға үқсайды. Қораптарының үстінде ұзақ, алыс жолға лайықталып пәттеленіп орнықты, нық тиелген киіз үйдің жабдық-жиһаздары: шаңырақ, кереге, уық, қазан-аяқ... Жүк айқыш-үйқыш арқанмен тартылған-таңылған. Шоферлардың бастанында ала тақия, сақал-мұрттары қауап осіп кеткен. Жүктің арасынан үядағы құстың балапандары секілді үлкенді-кішілі он шақты бала қылқынып бой корсетті. Орталарында бір-екі ересек кісі бар. Шаштары ақ үрпек шан, коздері ғана жылтыраған балалар алдыңғы машинадан түскен шалдан:

— Ата, қайда келдік? — деп сұрады.

Шал сөлдесін шешіп, тершіген бет-аузын сұрткіштеп:

— Сарыбұлак қой бұл, құлындарым, — деді еміреніп.

Сол-ак екен, балалар сиқырлы сөз естігендей естері кетіп, қолдарын шапалақтап, айқайға басты:

— Алақай! Ауылымызға келдік!

Біз аң-таңбыз. Бұлақтан су ішіп, шолдерін басуға тоқтаған жол үстіндегі коп жолаушылардың бірі шығар десек... Бұлар кімдер озі? Ешқайсысының бет-жүзі таныс емес. Қызық. Ал олар “ауылға келдік” деп алақандарын шапалақтап жатыр. Аты жок, жоні жок, дәй даладағы әлдекімдердің келе сала оз ауылынды бауырына тартып, менишіктен алғаны бір түрлі екен. Ау, бұл біздің ауыл емес пе? Ботен адамдардың баса-коктеп иеленуге қандай қақысы бар? Оз басым, неге екені белгісіз, қызғанып кеттім. Лықсып көмейіме әлдене тығылды. Ыза ма, ашу ма — ашы бірдене.

Мейлі, кім болса, ол болсын, салт бойынша жасы үлкен кіслерге сәлем беру парыз. Біз жапырлап қарттарға қолымызды ала үмтүлдік:

— Асалаумаәликум, ата.

— Сәлем бердік, өже.

Шал оз-өзіне ие бола алмай, кемсөндеп қоя берді.

— Көп жасандар, қарақтарым. Аман-есен барсындар ма? Ауыл-елдерің тыныштық па?

Біз не дерімізді білмей, қипалақтап төмен қарадық. Ол бізben бармақтай балалармен осыншалықты көніл бөліп амандасады деп кім ойлаған...

— Аманбыз... Тыныштық... — Естілер-естілмес ерінде-рімізді жыбырлаттық.

Ол біздің Құдайдан сұрап алғандай бұл бір ауыз сараң күргақ сөзіміздің өзін желге үшырмады.

— Одан артық не керек... — деді күрсініп. Жол соғып шаршап-шалдыққанына қарамастан бір-бірлеп кәмпіт үlestіргендей ыстық алақанымен басымыздан сипап, кеберсіген ерінімен мәндайымыздан сүйіп шықты. Сосын үлкен бір іс тындырып тастағандай, “үн” деп терең демін алды. — Мынау сендердің жәудіреген көздерінді де көретін күн бар екен-ау. Құдай бұған жеткізгеніне де шүкір. Көксеу арман көкіректе шемен болып кетсе қайтер ек...

Бұдан соң шеткегі шығып, тізерлеп отырды да, намаз оқығандай еңкейіп, тәу етіп мәндайын жерге үш рет иіскетті. Біздің көзіміз атыздай болды. Мұнысы несі? Қызық. Бет ауызын, аппақ сақалын шаң қапты, шоп-шалам жабысты. Қайбір таза жер дейсін. Малдың аяғының асты... Ал оның тіпті жұртпен ісі жок. Қаннен-қаперсіз. Ешқандай ыңғайсызданбады. Құдды далада жалғыз өзі түрғандай. Құбір-күбір сөйледі:

— Қайран, атажұрт. Нелер заман отпеді.. Табаным қайта тиіп түр... — Қалтасынан жұмыртқаның қолеміндей бір түйіншекті алды. Ауызын шешіп, ішіндеңгісін жерге токті. Бұл не? Көделі бірдене ме? Сөйтсек, кәдімгі құм. — Міне. топырағыңды топырағыңа әкеп қостым. Бір уыс жетіметінді ізденеген шығарсың талай..

Түсінсем бүйірмасын. Бұл қызық шал болды. Топыракты топырақ іздей ме екен? Әлде емдік қасиеті бар ма? Дәрі ме? Не көп — құм көп...

Қызық шал бетін сипалап топыраққа бата берді де, озі түскен машинаға қарай мойынын бұрып:

— Бибіжамал, мына балаларға базарлық бер! — деп айқайлады.

Біз бұл жақсы сөзді естіп қуанып кеттік. Сөзінің аяғын күтпей-ақ топырлап машинаның қасына жетіп бардық. Ақ кимешекті бір әже кабинадан жарты қап әлденені жерге түсірді. Ауызын ашты: түрінің өзі тіл үйіретін өрік, мейіз, жиде.

— Айналайындар, көне, бері келіндер. Бұл базарлықты сендерге деп қанша жыл сақтадық...

Уыстап алақанымызға салып бере бастады. Бізге көзіміз жайнап, ауызымыз бүлтындалап рақат болып қалды. Құдды аяқ астынан аспаннан жеміс-жидек жауғандай.

Осы екі арада манинаның үстіндегі балалар үсті-бастарын какқылаған, секіріп жерге түсे бастанды. Дені біз құралпы. Тек екеуінің ғана бойы сырғыттай серсіген, сіро, озгелеріне карағанда, ересектеу. Тайыншадай бір копек ит ырғызы төмен қарай. Жұнді бараІ, қасқыр алатын ит. Аяғы жуан, табаны кеседей. Жардан құлайтындаи әдеттегі сақтығына басып, жерге түсуге қорқасоқтаپ бір ақ мысық өндете нөзік мияулады борттың жиегінен. Бағанадан бері бұлақтың басындағы корініске жалқаулана қаралған, сштеңенің мәнісіне түсінбей тұрган ауылдың иттері ботен “туысқандарын” коріп, не қуанғаны, не жатырқағаны белгісіз, үзік-үзік оуп-әуп үрді. Айнала азан-қазан болды да кетті. Тапа тал түстегі бұл базар, у-шу тәтті үйқыларын шайдай ашып, мазаларын қашырды ма, бұлақтың басына Эли, Беріш, Қартбай, Бегалы аталар келді. Олар әлгі “жер ііскеген” диуана шалды біледі екен, жағалай жамыраса құшақтасып, шұрқырай көрісті. Тіпті бұрыннан етene жақын адамдар секілді. Бір-бірін тосырқамады.

— Оу, Табынбаймысың?

— Енді кім деп ендер.. Қартайғанда үрім-бұтағымды ертіп, қайта оралып отырмын..

Қартбай ата козіне жас алды.

— Эй, асыл затым-ай, тұбі бір соқтың ба... Ит тойған жеріне, азамат туған жеріне деген. Қош құтты болсын.

— Әумиін. Айтқаның келсін. Туған топырақтың тұз-дәмі айдады ғой..

— Бәрекел-де.

— Құдай енді ол зобаланұды балалардың басына салмасын. Біз асарымызды асадық, жасарымызды жасадық. Не көрмедік бұл қамшының сабындаи қысқа ғұмырда.

— Соз-ак. Ау, бұлақтың басында иіріліп неғып тұрсындар? Кәне, үйге жүріндер. Құн ыссы. Жол соғып шаршап, шөлден таңдайларың кепкен шығар... Елден қашан шығып ендер?

— Бүгін екінші күн... Біз бәріне қайыл адамдармыз ғой, әйтеүір атажұрттың топырағына табанымыз тисе болды. Қартбай, тоқтай тұр, үй қайда қашар дейсің, сәл ентігімізді басайық. Жарықтық, жер мен су... Мына бұлақтың сүйнан қасиетті не бар...

Мәселе енді түсінікті болды. Жұрт сонау қарақалпақ жақтан он шақты үй кошіп келеді деп жүрген.. Солар екен ғой. Ал басқалары қайда? Мынау көп болса, екі-үш-ак үй. Менің

бұл ішкі сырымды айтпай-ақ сезіп қалғандай, Табынбай ата жасаураған көзін сүрткіштеп, Әли кокеме мениң апамның ағасы, былайша айтқанда, туған нағашымға:

— Күзге қарай өзгелер де келеді. Қөші-қон оңай ма, сылт етуге мұршалары жоқ, бәрі малда, шаруаларын бір ыңғайға келтіре алмай жатыр. Әзірге әупірімдеп үш шаңырақ жеттік. Мен, Қызырбай, Кошер, Кошердің органишы баласы мен келіні, Қызырбайдың кемпірі... Оздері Аққұмда қалды. Кошті маған бастатып жіберді. Мыналар мениң немере, шоберелерім... Қызырбай мен Кошердің қарасирактары да бар... — деді. — Бәрі оздеріңе дүғай-дүғай солем айтып жатыр. Аманышлық болса, Құдай бүйіртса, қалғандырымен күзде қауышарсыңдар...

— Ләйім соған жазсын. Я, Алла.

Сәлден соң кемпір-шалдар бір айтқандарын жүз айтып, қайта-қайта аман-саулық сұрасып, қаудыр-қаудыр откен-кеткенді сағына-сарғая әңгімелеп, жаяу-жалпы ауылға қарай жылжыды. Ұбап-шұбап барады. Қартбай ата артына мойынын бұрып, капотын шалқасынан ашып тастап үңіліп, әлдебір тетігін шүқылап жатқан алдыңғы машинаның шоферіне:

— Шопыр бала, машинендең жондеп болған сон, біздің үй жаққа келіңдер! — деп айқайлады. Сосын баларға қолын бұлғады. — Құттыбай, Серік, үйді корсетіп жіберіңдер!

Мына бүгінгі жаңалықты елден бұрын ауылға жеткізу үшін уш-торт бала кемпір-шалдардың алдына түсіп, құлындаі құлдыраңдап шапқылай жонелді:

— Қарақалпақтар келді!

Сонымен, бұлактың басында кілең балалар қалдық. “Қарақалпақтар” кәтләбанға бірінен соң бірі балықша сұнгіп жатыр. Біз бір түрлі сезімді бастан кешіріп тұрмыз. Қызғаныни па, кім білсін.. Ауылдағы жалғыз бұлактың кожасы озімізғана секілді едік, енді мыналар да ортактасып тұр. Біз үшін шын мәнінде “қарақалпақтар” әлі дос та, ағайын да, туысқан да емес. Тұр-тұстерін танымаймыз. Аты-жөндерін білмейміз. Бөтен, бөгде адамдар. Жат жерліктер. Әлгіндеңі қарттар секілді алғаусыз конілмен тонның ішкі бауындаі тіл табысып кете алмадық. Тіпті олай етудің реті де келмейтін сияқты. Бір түрлі... “Атаманымыз” — Құлахмет ішіндегі ашы қыжылын жасырмады. Меніреу адамша үн-түңсіз көзін сүзіп тұра беруге тозімі жетпеді. Кожанасырдың “арқанға үн түйіп қойдым” дегені секілді, ойтеуір бір ілікке шатыс ізден:

— Суды лайлайдыңдар ғой,— деді шытынап, беті жуа жегендей тыжырынып.

“Қарақалпақтардың” арасындағы бүйра шашты, қайқы тос, шегір коз, ұзынтура бала оған қабағының астынан қарады:

— Не, Құдайдың сүни аяйсың ба?

Құлахмет әдетте басынаң бір ауыз соз асырмайтын-ды. Ол, сірә, мұндай қарсылықты күтпелі ме, мандайынан салып жібергендей өсер етті. Беті қалың болса да, лап-лап қызарды:

— Бұл бұлақ Құдайдікі емес, біздік!— деді зілденіп.

Маған Құлахмет дәл осы сөт құдды Бекмағамбет атаға үқсады. Ол кісі былтыр күзде қайтыс болған. Қара жер жеткізіп бармасын, марқұм (ожем осылай дейді) осы бұлақтың қорықшысы секілді еді. Бұлақ оның жекеменишігі сияқты-тұғын. Шаруасынан қолы босаса болды, бұлақтың түбіндегі қалың жыңғылдың арасына кеп саялап отыратын. Екі козін бұлақ жақтан алмайды. Балалар бейберекет суды шашып-тоге бастаса, айқайлады орынынан атып тұрады. Қәтләбаның сағасын бітектізбейді. Арықтың жиегін жырғызбайды. Суға түсken құрлы, зәреміз ұшып бітетін. Біреу қарауыл қарал отырғасын, қайдан емін-еркін ойнайсың. Бекмағамбет атанаң екі созінің бірі: “суды рәссо қылманцдар. Ел бақша суғарады. Ақ адад малымыз ішеді...” Түсте орістен суға мал құласа, бізді бұлақтың басынан түре қуып шығады. Бізден малды артық кореді... Кейбір әйелдер ерінің, алания, тосеніштерін қәтләбаниңа әкеп жуады. Мол су. Шелектеп тасымайды. Ондайда Бекмағамбет ата коріп қалса, полеге қалды дей берініз. Келіні ме, қызы ма, аямайды. Жер-жебіріне жетіп согеді. Сосын алаша-тосенішін қәтләбаниң ішінен сұрып алып, құмға лақтырып тастайды... Бәріміз иненің ұшымен жүргендей күйде болатынбыз. Сойткен “қорықшы” былтыр қайтыс болды.. Ал енді оның орынын Құлахмет баса қалғандай. Бірақ Құлахметтің мына сөзінің, меніңше, еш қисыны жок. Құр қоқан-лоққы. Су қайдан лайланады? Батпақтағы түйік кол емес. Қәтләбаның асты тас, жан-жағы да таспен өрілген. Үстіндегі ак тұrbадан мөлдір су сарқырап ағып тұр... Айнала моншақтай мөлдірген қырышық құм. Дегенмен оның бұл жолғы жөнсіз қиқарлығына аздал бүйрегім бүрғандай. Өйткені ол біздің көңіл-күйімізді дөп басты. Жат жерліктерге емешеміз үзілмей, әп дегенде еркінсітпеуіміз тиіс қой. Не керек, бәріміздің басымызда осы ой қылаңытып тұрды. Содан болар бір-біріміздің ішкі сұрымызды айтпай түсініп, магнитке тартылған шегелердей “ауызбіршілік” корсетіп, Құлахметтің қасына үйме-жүйме жинала қалдық. Ал аналар әлті ұзынтура “батырларының” жанына қораланды. Бір аттап, екі аттап

бір-бірімізге жақындаі түстік. Бет-жұзіміз аяз қарығандай ызгарлы. Жұдырығымыз тас түюлі. Окыс айтылған бір созден сартта-сүрт тобелес басталып кететін түрі бар. Осы сөт алдыңғы машинаның шофері айқайлады:

— Қоразданып неғып тұрсындар, ей? Алыстан келген қонақтарды осылай қарсы ала ма екен? Истерің бар болсын, түге. Тұрман, көне, машинаға мініндер. Кеттік!

Әлгі “батырдың” аты Тұрман екен

— Қазір, аға,— деді ол. — Өздері ғой қаралай тиісіп... Еш жазығымыз жоқ. Алыпсоқ! Алыпсоқ!

Жыңғылдың арасында жүрген тайыншадай көпек иті құлағын қайшылап, едіренде жетіп келді. Шофер бізден:

— Әлгіндегі ақсақалдың үйі қай жерде? — деп сұрады.

Біз құлақсыздау жөн сілтедік:

— Анау шипырлы ак там. Дүкеннің арғы жағында. Сыртпен баrasыз.

“Қарақалпақтар” үсті-бастарынан су сорғалап, машинаның үстінен өрмеледі. Тұрман алдыңғы машинаның текпішегіне жабысты. Алыпсоғы жерде машинамен жарысып барады...

Сонымен “қарақалпақтар” кетті. “Алтын балық” ертегісінде “шал мен кемпір сынық астауын құшақтап қалыпты” дегендей, бұлақтың басында енді өзіміз ғана қалдық. Құлахмет тершігеп мәндайын жалаңаш білегімен сүртіп, кезерген ерінін жалап, құдлы еріні тұз татығандай бетін тыржитты:

— Қарашы, жаңағының созін...

Балалар ләппайға зар болып отыр екен, ашу-ызаларын сыртқа шығарып, тепсініп, қолдарын білеп, тұс-тұстан жамырады.

— Неге мұрынын көтереді?

— Көкесін таныту керек!

— Кім сонша?

— Батырсымақ...

Дәл қазір алда-жалда орталарында Тұрман болса, жұндей түтіп, жіп қып иіріп жібергелі тұр. Мен оны бір түрлі аяп кеттім. Неге екені белгісіз, әдепкідегі тепсінген, бөтенсіген сүйк сезімім басылып қалған секілді. Райымнан тез қайтқаныма өзім де қайранмын. Өзімді бір түрлі қолайсыз сезіндім, әлде әлгіндегі шофердің “қонақты осылай қарсы ала ма” деген сөзі әсер етті ме, әлде ауылдың қарттарының “бейтаныс адаммен”— Табынбай атамен еш жатырқамай шүркүрасып жатқаны ойландырды ма, білмедім... Араша түскім келді.

— Дегенмен дұрыс іstemедік... Олар алыстан келген қонақтар ғой... — деген соз еркімнен тыс аузынан шығып кетті. Айтуын айтсам да, бір түрлі тұла-бойым дірілдеп қоя берді. Қоралы балаға қарсы шығу оңай ма. Құлахмет маган ежіре, көзінен оқ ата қарады.

— Қайдағы қонақ? Келімсектер деуге тілің бармай түр ма? Біліп қой, оларды біз шақырган жоқпыз.

Озгелер құсан үнемі басымды шұлғи бермей, кейде Құлахметпен осылай теке тіресіп қалатын әдетім бар-ды. Үндемейін десем, болмайды, тіпті шектен шығып кетеді. Тек сонікі ғана жөн. Ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс. Бетіне жел бол тимей балалар да жаман үйреткен...

Ақыры, болар іс болды, бір таяқ жермін деп ойладым. Сол үшін айтарынды ішке бүкпей, алық айтып қалу керек.

— Өзіміздің адамдар ғой, туһ жердің түбінен кошіп келіп жатыр...

Мен жарасының аузын жұлып алғандай, Құлахмет екіленіп кетті:

— Ха-ха! Аяғышын. Э, неге ет бауырың елжіреп түр десем. Сен де келімсек екенсің ғой... Гәп қайда? Біз оны ұмытып кетіппіз. Кордіндер ме? Сатқын! Арамыздағы шпион! Айдаладағы біреулерге жаңың ашиды. Бар ендеше соларға. Итаршы! О, несі-ай! Есіңе сақта — олар өкесінің үйінде жүргендей тым еркінсімесін. Бұл жердің иесі — біз. Бұлақта, анау қалың жынғыл да, тіпті құмның үстінде қыбырлаған құрт-құмырсқаға дейін біздік! Біз рүқсат етпесек, олар суға да түсе алмайды. Түсіндің бе?

Сол-ақ екен құбыжық көргендей маган балалар тап-тап берді. Құдды Құлахмет зенбірек те, олар автомат пен пистолет сияқты, себелеп атып жатқандай:

— Сенікі не?

— Намысың жоқ.

— Өзіңнің “орыс” екенінді ұмытқан екенсің..

Бөрідей шулаған қоралы балаға не қайран қыламын? Ұрмай-соқпай-ақ жүнім жығылды. Сөзімнен пәтуа қашты. Табанымның бүрі ұстамай, шегіншектей бердім...

— Суға түскенде не түр? — дедім пәтсіз пәс үнмен тамағым құрғап.

Құлахмет мырс етті.

— Не түр? Әуелі суға түседі. Сосын ертең мойыннызға мініп алады. Сосын құтылып көр. Жауды аяған — жаралы!

Сен бүйтіп емешең үзілуін қой, дос керек болса. Олар, тагы да айтамын: келімсектер, қарақалпақтар. Үқтың ба?

Мен біразға дейін сазарып тырс үндемедім. Бірақ Құлахмет дігерлеп қоймады.

— Эй, үқтың ба? Саңыраусың ба? Әлде тілің байланып қалды ма?

— Үқтый...

— Үқсан, солай.

Құлахмет әрен шыдап түр екен, мені мойындау бойында көңілі бірленіп, қазан-астауға шортан құсан шолп етіл кетті.

Менің қабағым түйілді. Жаным жәбірленгенсін бе, ыстықтап тұрсам да, суға тұскім келмеді. Ақтості ертіп үйге қайттым...

Үйге жеткенше қайдағы-жайдағылар есіме түсті. Әлгінде балалар мені “келімсек”, “орыс” деп мысқыллады ғой, бұл тектен-текке айтылған жоқ, жаны бар, тарихы бар соз...

Біз бұл ауылға будан үш жыл бұрын кошиін келгенбіз. Нағашым — Әли қокем кошіріп әкелді. “Қалада там бағып не қыласындар, бәрі сату-сауда, Құлайлың суы да тегін емес, одан да ауылда мал ұстап, ағарған ішіп отырмайсындар ма? Әрі мен де қартайдым, көрі саулықтың жасындаі жасым қалды. Көрімнен торім жуық, Байқаймын, қанша дегенмен жер шалғай, балалар да бір-бірінен жат болып бара жатыр”, — деген апама. Әкем былтыр қайтыс болған. Үйде шиеттей бала-шагамыз: екі ағам, інім, қарынласым, әжем.. Шынында да жағдайымыз мәз емес-ті. Жалғыз апам ғана жұмыс істейді. Оның азғантай ақшасы қоралы жанға бүйім болушы ма еді. Жарқырап киінбек түгілі, күнделікті тاماққа әрең жетеді. Біріміздің киімізді біріміз ауыстырып киеміз. Менің иінімнен ағамның койлегі түскен емес, койлектен менің емес, ағамның иісі шығып тұрады.. Содан апам коп ойланды. Ақыры келісті.. Содан дәм-тұз айдалап осында қоныс тепкенбіз. Дегенмен біз үшін бұл — ботен, жат ауыл емес. Апамның туған жері. Ол осында өскен, балалық шағы осында откен. Мектепте оқыған... Әйтсе де алғашқыда көпке дейін бойым үйреніп, сіңісे алмадым. Бұған бір жағынан мінезім де кінәлі. Түйықпын. Жатырқауықпын. Адамға пөлендей обістігім жоқ. Бәрі ботен адамдар сияқты корінеді де тұрады. Мұлде басқа жер. Айдала. Айнала кокжиек. Монтиған бауырсақ құм төбелер. Тып-тыныш. Құлаққа ұрган танадай. Шулы қалаға үш қайнаса сорпасы қосылмайды... Мені қойшы. Әдепкіде інім тіпті кондікпеді. Бұрын мұндайды кормеген. Менен:

“Серікжан, біз қайда келдік? Советскілер ме бұлар? Әлде немістер ме?” — деп күлдіргені бар. Ол бәрін біздікі, немістердікі деп боледі. Кинодан жүққан ауру. Әр кино сайын өңгімесінің басы осылай басталады. “Ой, біздікілер немістердің көкесін танытты. Аналардың әскері тым-тырақай қашты...” Оның өңгімесі үнемі осындай...

Пойыздар, автобустар жоқ. Қалада мен үшінші сыныпқа дейін базардың түбіндегі орыс мектебінде оқығанмын. Қанша тырыссам да алғашқы күндері тілімді сындыра алмай, орысша арапастырып сойлеп журдім. Осыныма қарап, балалар маған қазақ болсам да “орыс” деген атты жапсырды. Ешкім атымды атамайды. Әбден ызаландым. Кит етсе, мазақ қылады. Өйткені мен сиырдан да, түйеден де, жылқыдан да — торт аякты жануарлардың бәрінен қорқамын. Әсірессе есек ақырғанда, зәрем үшады. Ауызын арандай ашып, айдаһарша адамды жұтып жіберетін секілді корінеді. Ойында ауылдың балалары бір болек те, мен бір болек. Сондай қыын. Әуелгіде олар тап қазіргідей менен де бұлақтың сүйн қызғанған. Даланың қаптаған қызғалдағының бір талын да қимады. Басқасын қойшы, бірде асық ойнап, ұтып алған кезімде Әли кокемнің екі баласының жақ болып, мені үйге қуып тыққанын қайтерсің. Біз ағайын-туыс деп, соларды қара тұтып келдік емес пе? Ал олардың ісі мынадай. Түсінбейді. Сонда жаман қорланып: “Қалаға қайта кошайікші...” — дегенмін. Апам: “Қайдағыны айтпа, ойын емес пе, ойынға ренжіп көше беретін болсақ, ешқашан еш жerde тұрақтамаймыз ғой”, — деген де қойған. Қайдағы ойын... Азарланғаным сондай, бір күні қиялға беріліп, қаладағы “хулиган” достарымды ертіп әкеп ауылдың қарасирактарын шетінен сықпыштып сабатсам ба деп те ойладым. Олар қолдары қышып, іштері пысып, көшекөшенің бұрыш-қалтарыстарында кепкаларын көздеріне түсіріп киіп, өткен-кеткен балалардан бес-он тын қара бақыр сұрап, тобелес-жанжалға сылтау іздел жүргендерінде, “керемет жұмыс” табылып, қалай қуанар еді... Қиялым еңсемді едәуір көтеріп таstadtы. Міне, олар велосипедтерімен ауылға сау ете қалды. Кепкаларын қисайтып, маңдайын артына қаратып теріс айналдырып киген. Беттерін күйемен, батпақпен баттастырып бояп алған. Устерінде әлем-жәлем, жамау-жыртық “сәнді” койлек-шалбар. Қолдарында қара қолғап. Қолғаптың ішінде алақандарына тас қып таңылған қорғасын кастет. Иықтарында сала құлаш жылан шынжыр. Ауылдың балаларының иманы ұшты. Бұл не пөле? Жын ба? Шайтан

ба? Пері ме? Таңданбағаны жоқ. Ал мен көрсінше қуандым. Ескі достарым. Шүркүрасып көрістім. Құшактарымыз әлден уақытқа дейін жазылмады. Сағынып қалыптыз...

— Саша, Петя, Мурат, Рома, Сагат, қалай деңдерің сау ма? Қалада қандай жаңалықтар бар? Маркстін (көшениң аты) бандыларынан таяқ жеп қалған жоқсындар ма?

Олар маған түсінікті, бірақ ауылдың балаларына тым ерсі, оғаш, тосын создермен қысқа-қысқа жауап қайырды:

— Как бык.

— ЧАО!

— Олар пластилин емес пе?

— Ауфедерзей! Бәрі окей!

Петя кенет мойыныңдағы жалтылдаған ақ жылан шынжырын қолына алғып маятник тіліне ұқсатып әрі-бері тербетіп бұлғалады да:

— Ну, Серик, кәне, кім саған тиіскен? Уақыт жоқ. Эйнекше ұнтарап берейік. Бізге не тұрады. Пластилин қылып илейміз. Тез айт.

Мен саусағымды шошайтып балалар жаққа қарай беріп едім. Құлахмет бастап, бәрі тым-тырақай қаша жонелді...

Бұл, әрине, қиялым ғой. Шіркін, өнімде де дәл осылай болсаши. Бірақ қала қайда, біреу қайда? Күндер өте берді. Кім ойлап тапқанын, кім үйреткенін білмеймін, мені көрсө болды, балалар:

Орыс, орыс оңбаған,
Он шошқаға тоймаган.
Базардағы шошқаны
Менікі деп қоймаған! —

деп бет-ауыздарын қисаңдатып, тілдерін безеп, мазақтайтын өнер шығарды. Тарай тәбелестім де. Бірақ көбіне таяқ жеймін. Өйткені былай күндері өзді-өзі қырық пышақ болып бастары піспей жүргенмен, неге екені белгісіз, маған келгенде, не сиқыры бар, түк болмағандай, тату-тәтті бір үйдің балаларындағы ауыздары бірігіп кетеді. Соларына таңданамын. Қызық...

Бұл мазақтан бір жыл өткесін ғана әрен құтылдым. Онда да өздері айта беретін сол “орыстығымның” пайдасы тиді. Тамыз айы-тұғын. Бірде үйге таяғына сүйеніп, ақсандаپ Беріш ата келді.

— Серікжан, саған бір бүйімтайым болып түр,— деді. Мен ішімнен торы құнанына мінгізіп, бір жаққа жұмсайтын

шығар деп, қылп ете қалдым. Кешелі бері ала сиыры жоқ. Бұзауы ауылды басына кошіріп зарлана моніреп түр. Енесі он шақырым жердегі Қызылбай бұлағында жүр деп есіткем. Ол жер — кок майса, шалғын, сабат, барған мал оз аяғымен оңайлықпен қайта қоймайды... Біттім! Мениң осал жерім — аттан, жылқыдан қорқамын. Тақымым бос. Үстінде орнығып отыра алмаймын. Қонаңдан құлап қала жаздаймын. Үйрене алмай-ақ, қойдым. Ал басқа балалар аттың қулағында ойнайды. Жалына желімше жабысады. Бірақ бекер қауіптеніппін. Ботен әңгіме екен. Уф! Жүрегім орынына түсті. — Анау бұлақтың басында інженерлердің мәшинесі неғып түр? Екі күн болды ғой. Сұрап білші, орысшаға тілің жүйрік қой. Егер тығыл-таяқ шаруасы болмаса, менің шобімді әкеп берсінші, жұдә қурап барады. Айдалада. Иесі жоқ екен деп, біреу-міреу тиеп әкеттер. Еңбегін жемеймін. Ауылда көлік жоқ. Әлде мәшинесі бұзылып түр ма екен?

— Жарайды, ата.

Бұл бүйымтай оңай ғой. Бірден жүгіре жонелдім.

Су жаңа ГАЗ-59 машинасының шофері — бүйра сары шашты, көзі аспан кок, аппак беті күнге күйіп қабыршақтанып кеткен орыс жігіті үлкен қойтастың үстінде рақаттанып темекі тартып отыр екен. Мәйкесін жуып, жайып қойыпты. Келдім де амандастым.

— Саламатсыз ба?

— Сәлем, балақай, қалай жағдайың?

— Жақсы...

Ол мынау айдалада — қазақ ауылында орысша тілдесетін ырымға біреу табылғанына керемет куанып кеткендей болды. Дереу ығысып жанынан орын берді...

Шынында да біздің ауылда жоні тұзу орысша сойлейтін адам жоқ есебі. Қала алыс. Мектепте орыс тілі сабағы журмейді, балалардың орысшасы барғанскиден, айтқанскиден әрі аспайды... Тек әскерге барып келген жігіттер ғана бірдене біледі. Кейін олар да білгенінен айырылып қалады. Өйткені жұмыстың, шаруаның ыңғайына орай орысша тіл қатысып жүрмегесін қын ғой. Мәселен, откен жылы жазда Жұмағұл аға Сағыр өзенінің бойынан шөп оруға барады. Қасына баласын — Бекетті ертіп алады. Масахана күрып, он күндей болады. Бірде өзенге балық аулап, демалуға қаладан орыстар келеді. Қармақтары коп. Әрі неше түрлі. Бекеттің көзі қызығады. Әкесіне:

— Көке, бір қармағын сұрап алып берші,— дейді.

Жұмағұл аға әрі ойланады, бері ойланады, әбден басын қатырып, қармақты орысша не дейтінін есіне түсіре алмайды. Не істеу керек? Кенет біреуінің судың бетінде кішкентай сөукеле киін алған секілді тобесі шошайып тұрған қызыл пластамасса қалтқысына козі түсіп, өзінше “өзі шошайкі емес пе екен?” деп пайым жасайды ішінен. Сойтеді де әлгінің қасына барып:

— Тамыр, адін шошайкі дай, а? — депті.

Анау түсінбенті.

— Что, что? — дей беріпті.

Жұмағұл аға әбден қысылады. Қара терге түседі. Пішен орғанда шықпаған жан тери шығады. Тіл білмеген осыншалықты ауыр болады деп кім ойлаған. Тіпті болмағансын қолымен нұқсан судың бетіндегі қалтқыны көрсетеді.

— Эті дай а. Нады. Балаға — баражкіге керек.

Қалтасынан үш сом ақша шығарады. Орыс жігіті мәселені сонда ғана түсініп, қарқылдаپ күліп, бір қармағын Бекеттің қолына тегін ұстасыпты... Содан бері жұрт Жұмағұл ағаны “Шошайкі” деп атап кеткен...

Шофер мені әңгімеге үйіріп әкетті.

— Нешінші сыныпта өкісін?

— Жетінші.

— Молодец. Атың кім?

— Серікжан.

— Жақсы. Мені Ваня ағай десен де болады.

Енді сұрапты мен бере бастадым.

— Ваня, ағай. Бұлақтың басында жәй тұрсыз ба?

— Қаладан экспедиция келуі керек. Соны күтіп жатырмын.

Мәселе түсінікті болды. Мен оған Беріш атаның бүйімтайын айттым.

— Егер қиналмасаңыз, бір кісінің шобін әкеліп бермес пе екенсіз?

— Қайда? Алыста ма?

— Жақын. Он шақырым жерде.

— Жарайды. Кеттік қазір.

Тәйірі су жаңа машинаға он шақырым деген не. Айналасы бір-екі сағаттың ішінде Беріш атаның пішенін тиеп әкеп берді. Беріш атаның қуанышында шек жоқ.

— Спасибы, бала. Шұбат іш. Бешбармақ же.

— О, ақсақал, рақмет. Керек емес. Мен тоқ.

— Е, неге?

— Қазір Серікжан айтады...

Ваня ағай менің құлағыма сыйырлады:

— Атаға айт, әуре болмасын, бір пузырь болса жарайды.
“Пузырь” деген сөзге түсінбей, оның бетіне қарадым.
— Ол не?

Ваня ағай бір түрлі қысыла құлімсіреді.

— Бір жартылық. Арап...

Енді түсіндім. Сөзін Беріш атаға жеткіздім.

— Ата, ет жемеймін, шұбат ішпеймін дейді. Бір бөтелке арап сұрайды...

Беріш ата таңданып басын шайқады:

— Оу, шұбат пен айран тұрғанда, сасық суды не қылады?
Мейлі, озі білсін, өзіне жақсы болса ішсін... — Сөйтті де далада қостың ішінде жүрген келініне айқайлады. — Маржанжан, сандықтың түбін қараши, баяғы тойдан қалған бір бөтелке бар еді...

Келіні мөлтілдетіп бір бөтелке арақты ап келді. Ваня ағай оны дереу қойынына сұңгітіп жіберді.

— Ракмет, ата.

— Жақсы, айналайын. Көп жаса. Жамандық көрме ешқашан. Осылай елге қайырынды тигізіп жүр. Алғыспен ер, жауынмен жер көгерер.

Ваня ағай мені кабинасына мінгізіп алды. Бұлақтың басына келіп, әлгі арақтың ауызын ашты. Сосын маған қарады:

— Қалай, бір үрттайсың ба?

Мен бір түрлі шошып кеттім. Әзілі ме, шыны ма? Мен түгілі, ауылда ашы суға әуес үлкен кісілердің өзі саусақпен санарапты. Көбіне олар үрлық жасағандай шал-кемпірлерден тығылып жүріп “дәм татады”. Ал әйелдер мүлде ауызына алмайды.

— Жоқ!

Дауысым қатты шықты.

— Өкінішті-ақ... Ал қалада сенің жасындағы балалар...

Ваня ағай мынау айдалада орысша сөйлейтін емге жалғыз адамды кезіктіріп, бірақ оның озі тентек судан татып алмайтын сұпы болғанына шынымен қынжылған секілді.

Ол түнімен қапырық ыстықта қақаған қысты ойлап, ауылды басына көшіріп “Ой, мороз!” деген әнді шырқап шықты...

Бұдан кейін мен “тілмәш бала” атанып кеттім. Ауылдың үстінен откен, бұлақтың басына тоқтаған инженер, геолог, солдаттардың машиналарының шоферіне қарттардың

бүйімтайларын айтатын болдым ұнемі. Біріне отын, екіншісіне шөп керек, шаруа біткен бе...

Бірақ балалар бәрібір баяғысынша шетке қағып, келекемазақ қылуын қоймады. Мен олардың қоңілін қалай табам деп әбден басым қатты. Қарттар мені қанша жақсы көргенімен, балалардың орыны болек қой. Өйткені оларсыз күнім жок. Кіммен ойнаймын... Ақыры мұның да сәті түсті. Тағы да “тілмаштығымның” комегі тиді...

Бұл оқиға жазда болған-ды. Корші әйел – Мәрзия тәте бос шелегін қаңғырлатып келіп түсте апамнан су сұрады. Мен таңданым. Мұнысы тосян көрінді, Рас, адамдар кейде бұзауы жамырап, сиыры орістен келмей қалып шайлыш сұт, қонақ келіп кәмпіт-пешеней, қораба айран, қамыртұрыш сұрайтын. Ал су сұрағанды бірінші рет коруім. Су – тегін. Бұлақ күндіз-түні сарқырап ағып тұр. Қарауылы жок. Құлағын ешкім бекітіп қоймайды. Бар да алып кел. Не бір баланы жұмса. Мәрзия тәте үйдің сыртында ойнап отырған мен естіп қалмасын дегендей апама сыйырлап былай деді:

– Зейнеш, жарты шелек су берші. Таңдайым кеүіп шай қояйын десем, бір тамшы су қалмапты. Қостағы суды сиыр ішіп кетіпті. Баласы құрғыр да жок, қайда жүргенін білмеймін. Жаңа сосын су әкелейін деп бұлаққа барсам... Масқара! Жұзім шыдамады. Саған отірік, маған шын. Өңкей жын-шайтан. Тырдай жалаңаш әйел-еркек. Гүж-гүж. Өлесі мас. Жақындай алмай, бетімді басып қайттым барған ізіммен...

Көп сөзін құлағым дұрыс естімеді. Тек “сұмдық”, “масқара” дегендерін ғана қоңіліме түйіп алдым. Сұмдық дегені – мен үшін қызық дегенмен парапар. Сол қызықты өз көзіммен көргім келді. Келсем, ауылдың тәмам баласы осында жұр. Бояу-сыры Күн нұрымен шағылышып үш жабық жеңіл машина тұр. Мас, тәлтіріктеп, сүрініп-қабынған әйелдер мен еркектер. Бәрі де дамбалшаң. Жалаңаш, Әсіресе әйелдер козге бір түрлі оғаш корінеді екен... Шашылған неше түрлі ет, балық, шөп-шалам қалбырлары. Тогілген, жартылай ішілген арактар... Іштеріндегі сауы, есі бүтіні – Бобик атты қасқыр қара күшк. Оны біреу арқасынан сипайды, ал екіншісі кеудесінен тебеді. Әрі итеріп, бері жығады. Бишараны әрісәрі қылып қойған. Не істерін білмейді. Тіпті обал. Екі ортада тәнтәнәни. Халі аянышты. Күшк әрқайсысының бетіне жетім қоңілмен жалтақ-жалтақ қарайды. Тіпті сотқар Құлахметтің де жаны ашыды, мейірімі түсті:

— Күшікті қазір білдірмей алып қаламын... — деді маған тісін қайрай кіжініп.

Мен қостадым. Жөн сөз. Жөн іс. Үрлық емес. Өйткені мына мастарға қор болғанша, Құлахметтің алып қалғаны әлдеқайда жақсы. Құлахмт бір оңтайлы сөтте аналардың козінен қаға берісте Бобикті құшақтап ап қалың жыңғылдың арасына қарай зытты.

Бір уақытта мастар естері кіріп, қолдарындағы сағаттарына қарады:

— Кеттік! Кешке дейін қалаға жетуіміз қажет.

Жігіттер мен әйелдер көйлек-шалбар, лыпаларын қолда-рына ұстап, сол жалаңаш күйлерінде машиналардың ішіне сұңғіді. Алдыңғы екі машина қинала ауыр қотталып, мас адамдарша тәлтіректеп қозғалып, соңдарына ир-шиыр із қалдырып, үлкен қара жолға түсті. Соңғы машина бір гүр етті де, үнін ошіріп, табандап қалт тоқтады. Ішіндегілер Бобиктің жоқ екенін біліп қалыпты. Бірінен соң бірі жарысып:

— Бобик! Ка-ка! Кел бері! — деп айқайға басты.

Ал Бобик болса жер жүтқандай жым-жылас. Біреуі сыртқа шығып менен:

— Біздің күшікті корген жоқсың ба, балақай? — деп сүрады.

Машинаның ішінен кеуделері сап-сары жүн тъағы да екі жігіт шықты Олар мына түрлерімен айналаны тегіс шарлап, Бобикті шарқ ұрып ізdemek сыңайлы. Өйтсе, Құлахметті біліп қоюы мүмкін. Қекесін көзіне көрсетеді. Жыңғылдың арасына барып атын атап шақырса, Бобик иелері емес пе, қайдан білсін, қыңсылап не үріп дыбыс беруі өбден ықтимал. Онда бітті. Не істеу керек? Сәл ойландым да тәуекел деп, мен бір отірікті соғып жібердім:

— Бобик бірінші машинада кетті.

— Шын ба?

— Шын.

— Анық көрдің бе?

— Анық көрдім...

— Жарайды, әйтеүір қалып қоймаса болды айдалада. Ол деген асыл түқымды овчаркінің күшігі. Солай, балақайлар. Валера, Сергей, көне, кеттік!

Осылай мен Құлахметтің “жанын алып” қалдым. Құлахмет осылай асыл түқымды овчаркінің күшігіне — мөлдей қара әдемі қара күшікке ие болды. Ол жыңғылдың арасынан шығып, маған рақметін айтты.

— Жақсылығынды ұмытпаймын,— деді ол. — Балалар, бұдан былай ешқайсың Серікжанды мазақтаушы болмандар. Бүгіннен бастап ол біздің досымыз.

Міне, содан бері “келімсек”, “орыс” деген аттан құлан-таза құтылдым. Әрине, қағаздың бетіндегі шимайды өшіргішпен өшіріп тастайтын нөрсе емес қой, оқта-текте әлдебіреулер ескі үйренген әдетпен байқамай айтып қалып жүрді. Кейін ұмытылды. Уақыт өте келе озім де ауылға бауыр басып, тастай батып, судай сіңіп кеттім.

Осылар есіме түсіп, келген “қарақалпақтарды” алда қаншама әуре-сарсаң күтіп тұрғанын ойладым. Өйткені әлгінде Құлахмет олардың “кокесін көзіне көрсетеңіз” деді фой. Мен білетін Құлахмет болса, екі айтпайды, сөзінде тұрады...

* * *

“Қарақалпақтар” келgelі (неге екені белгісіз, оларды жалғыз біз ғана емес, бүкіл ауыл осылай атап кетті) ауылда той-томалақ көбейді. Оларды күнде бір үй ерулікке шақырады. Мереке. Ойын-күлкі. Әңгіме-дүкен. Бірі нағашы, бірі жиен, бірі құда-құдағи, абысын-ажын, аға-женге... Әйтеуір ешқайсысының алыстығы, жаттығы жоқ. Қоңіл-пейілдері, аяқ-табақтары мидай араласып кетті.

Тек біздің — балалардың ғана бастарымыз піспей жур. Бізде бір түрлі бауыр, туған-туысқан деген жоқ сияқты. Ит пен мысықтаймыз. Қалт еткен қымылымызды андимыз. Бір-бірімізді мазақ қыламыз. Арқа-жарқа алғасыз сойлесе алмаймыз. Ойын-күлкінің базары секілді бұлақ басынан денеміз ғана емес, қоңіліміз де сұып қайтады. Әйтеуір бір жақсысы, әлі жаға жыртысып, төбелесуге барған жоқпыз. Бірақ бірте-бірте күз ызгары секілді оның да лебі соғып келе жатты...

Бірақ әлі жаз еді...

Әли қекемнің үйінің алдында олдебір майлы жілікке таласып, жұнді-барақ гүжбан Алыпсоқ сыйтығыр сұлу жүқалтаң Бобикті талап таставды. Бобик — баяғы Құлахмет орыстардан алып қалған асыл тұқымды күшік, қазір бойы серейген сокталдай ит. Қайың қаптал әпшәркі. Ол да Құлахмет секілді ауылдағы иттердің “атаманы”. Бұл шынында да тосын, күтпеген оқиға еді. Бобик айбат шегіп, батыл қайрат көрсете алмай, қаз секілді қаңқ-қаңқ үріп, артқы аяғын сылтып басып, құйрығын бұтына қысып, қаша жөнелді. Құлахметтің намысы

келді. Терісіне сыймай тырсиды. Ашудан шар құсап жарылып кете жаздады. Алыпсоқ Бобикті емес, өзін талап тастағандай қатты ызалаңды.

— Жоқ, бұдан әрі төзуге болмайды!

Балалар оркестрдің аспаптары сияқты түс-түстен ән салып қоя берді:

— Әдейі үйреткен ғой.

— Аналар тала деген.

— Бізге тіке тиісуге қорқып, ақыларын Бобиктен алғысы келген.

“Оркестрдің” әні басылған кезде:

— Бұдан не аңғардыңдар? — деді Құлахмет көзін сыйрытайтып, құдды қараңғы үңгірдегі әлдебір құпия ойдың әлсіз сөулесіне үңілгендей. — Бұл Бобик секілді сендердің де көкелерінді танытамыз дегені емес пе? Дәл солай. Жақсылық емес. Меніңше, соны ишарап айтқаны. Масқара! Іске кірісу керек (іс дегені – тобелес қой). Шектен шығып барады. Қалай қарайсыңдар? Сөзім дұрыс па?

— Дұрыс.

— Үру керек!

— Сабайық!

Сөйттік те сарайдың түбінде қаннен-қаперсіз майлыш лікті кеміріп жатқан Алыпсоқты жапа-тармағай кесектеп, көшениң ортасымен тырқыратып қанқ-қанқ үргізіп, “қарақалпактардың” үйіне дейін қудық. Айтпақшы, олардың үйі дүкеннің төменгі жағында. Ферма бастығы уақытша екі қожайындық ұзынша тамды берген. Келесі жылы жаңа тамсалып алады. Қазір “қарақалпақтар” тамның аула бетіне киіз үй тігіп отыр.

Алыпсоқ асып-сасқаны соншалық, бергі киіз үйдің жартылай ашық тұрған есігінен зымыраған күйі ішке кіріп кетті. Сол-ақ екен, үйден бес-алты бала сыртқа өре-өре жүгіріп шықты. Олар қолымызға таяқ, тас ұстаған бізді көріп, қабырғаға тірелгендей қалт тоқтады.

— Бұларың не? Иттің жазығы қанша?

— Сендер әдейі үйретіп, айтып жібергенсіңдер,— деді Құлахмет қолындағы таяғын білемдеп.

— Нені? Кімді?

— Алыпсоқты.

— Не істеді ол сонша? Бірденені бұлдірді ме?

— Жаңа Бобикті талап тастады.

— Ит емес пе. Біз қайдан білейік. Ол қайда баратынын, кімге үретінін айтпайды, ешкіммен ақылдаспайды.

— Жоқ, білесіндер. Иттерінді байлаң қойындар. Енді көшеге алып шықсандар, аямаймыз. Аяғын сындырамыз.

— Көреміз кім-кімнің аяғын сындыратынын...

— Не дейсің?

— Не естісең — сол.

Іс ушықты. Аналар тілін тартатын түрі жоқ. Осы сәт үйден әжелері шықты.

— Өй, неғып тұрсындар? Ел аман, жер тыныштықта сендердің-ақ бастарың піспей қойды-ау...

Ол күйіне сойледі. Әйтеуір бет-жүзімізді шырамытып үлгермеді. Тым-тырақай қаштық..

Бүгін “қарақалпақтарды” біздің үйге ерулікке шақырды. Әжем мен апам ояз күтетіндей шала бұлінді. Киіз, алаша, көрпе-төсектерді қағып-сілікті. Бауырсақ қуырды. Құйрығын әрең көтеріп жүретін қара тоқтыны сойды. Көлдей ғып дастарқан жасады.

Күннің ыстығы қайтқасын, кешке көлеңке үзара қонақтар келді. Балалары да қоса келді. Ауылдың бірсызыра шалкемпірлері жиналды. Бәрі бір-бірін жылдап жана көргендей үзак-үзак амандық-саулық сұрасты. Табынбай ата, Зере, Бибіш әжелер қоңылдері бұзылып, көздерінің жасын сығып алды. Біздің ауылдың карттары да кемсенедесіп қалды.

— Я, Құдай, бұл күнге жеткізгеніңе де шукір. Әр нәрсенің арты лайым осында жақсылық болсын. Аллатагала ақырын берсін.

Мен қонақтардың қолына жағалай су құйып шықтым. Алған алғысым шаш-етектен:

— Көп жаса, балам.

— Ғұмырың ұзақ болсын.

— Жамандық, көрме.

— Үлкен жігіт бол.

Шай әдеттегіден тым ұзақ ішілді. Мен дастарқан басында кесе алып беріп отырдым. Уш самаурын тауысылды. Шайды сағыздай созып жіберген — кемпір-шалдардың өткен-кеткенді еске алған әңгіме-дүкені. Бір сөзден мың сөз ореді. Талай-талай марқұмды, талай-талай ұмыт болған оқиғаларды тірілтті. Жиі-жіі күрсінді. Жиі-жіі үйді бастарына көтере күлісті. Құдды олар шай ішіп шөлдерін басып, тамақ жеп қарындарын тойдыру үшін емес, осылай сыр шертіп, шерлерін тарқату үшін келгендей. Әңгімeden ауыздары босамады. Кеселері